23212607680

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 28 қазан №5501-25-00-2/2461 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ә.С.Тюлембекова
хатшылықта Ж.К.Құрлеутова
ашық сот отырысында азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар облыстық онкологиялық диспансер» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Талғат Амантайұлы Төлеутаев «Елтай» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор А.С.Сапаргалиев
талап қоюшының өкілі А.И.Абилова
жауапкер Т.А.Төлеутаев
аудармашы Мухтарова А.К.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ «ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ ОНКОЛОГИЯЛЫҚ ДИСПАНСЕРІ» КМК
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
КГП НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ «ПАВЛОДАРСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ОНКОЛОГИЧЕСКИЙ ДИСПАНСЕР» УПРАВЛЕНИЯ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ, АКИМАТА ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ
КІРІС/ВХОДЯЩИЙ № 524/1-15
«29» 10 2025 Ж.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 30 мамырда «Павлодар облыстық онкологиялық диспансері» КМК (бұдан әрі - Тапсырыс беруші, Диспансер) және «Елтай» ЖК (бұдан әрі - Өнім беруші, ЖК) арасында мемлекеттік сатып алу туралы №292 шарт жасалған (әрі қарай - Шарт).

Өнім беруші 15 күнтізбелік күн ішінде 3 дана кірге арналған арба жеткізуге міндеттенген.

Шарттың жалпы сомасы 326 997 теңгені құрайды.

2025 жылғы 16 маусымда жеткізілген тауар техникалық ерекшелікке сай келмегендіктен Тапсырыс берушімен рекламациялық акт жасалған.

2025 жылғы 28 шілдеде Шарт бұзылды.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 5 558,95 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінді. Ол шарт бойынша жауапкер өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған деп көрсеткен.

Жауапкер пікірінде 2025 жылғы 20 мамырда Диспансер қызметкерімен хабарласқаның, тауардың екі түрлі нұсқаларын, фотосурет өлшемдерін, дөңгелектің диаметрін келісу үшін жібергенің көрсеткен. Кейін арбаны таңдап, 13 маусымда транспорттық компания арқылы жеткізген. Содан кейін адам жіберіп арбаны құратқан. Алайда, Тапсырыс беруші оны қабылдамады.

Талап қоюшының өкілі сот отырысында талап қоюды қолдап, жеткізген тауар техникалық ерекшелікке келмеді, Айгуль есімді қызметкердің келісім беруге құқығы болмады деп түсіндірді. Тауар ауыстырылған жоқ.

Жауапкер талап қоюдан бас тартуын сұрады. Келісілген тауарды жеткізуге тырыстық, техникалық сипаттамада көрсетілген тауар болмады деп түсіндірді.

Прокурор талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 8-бабының 4-тармағы бойынша мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот тараптардың міндеттемелері 2025 жылғы 30 мамырдағы шарт негізінде туындағанын анықтады.

2025 жылдың 16 маусымда тауар жеткізу мерзімі аяқталды.

Жеткізілген тауар техникалық ерекшілік талаптарына сәйкес келмегендіктен Тапсырыс беруші оны қабылдамаған. Өнім беруші тауарды ауыстырмаған.

Техникалық ерекшелік бойынша тауардың сипаттауы - кірге арналған арба, құрғак кірді тасымалдау үшін, тот баспайтын болат материалдан. Өлшемі 926х640х820 мм., сыйымдылығы 300 литр немесе 100 кг. Дөңгелек диаметрі 75 мм, 4 дана, оның екеуі тоқтатылатын. Каркас 20х20 мм. тот баспайтын түтіктен дәнекерленген, тұтқасы дөңгелек.

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 03.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.12.2025, судья Тюлембекова А. С., 05.12.2025

5501-25-3-6/119

Жақтаулары тот баспайтын өзектен жасалған. 100 кг. дейінгі жүкті көтереді және 300 литр көлемді сыйғызады.

2025 жылдың 16 маусымдағы акті бойынша келесі ақаулар анықталған: бір арба сабында ойық және бояуда сызат бар, екінші және үшінші арбаларда бояуы тозған, сызаттар бар. Жеткізілген арбалардың көлемі 120х85х80 мм. Арбалар ақ түске боялған, тұтқалары дөнгелек емес, материал боялған профиль құбырлары 25х25, бүйір құбырлары боялған профиль құбырлары.

Жеткізілген тауар техникалық ерекшілік талаптарына сәйкес келмейтінін жауапкер жоққа шығарған жоқ. Ол техникалық ерекшілікте көрсетілген тауар жоқтығын көрсетті.

Сотта анықталғандай, келісім шарт бойынша жауапкер міндеттемелерін тиісінші орындамаған, Тапсырыс берушіге елеулі зиян келтірілгені анық. Шарт жасасу кезінде ол үміттенген тауардан айтарлықтай айырылды. Шартқа қол кою арқылы жауапкер оның шарттарымен келіскен.

2025 жылдың 28 шілдеде Шарт бұзылған.

Жаупкердің тауарды келісілген туралы уәждерін есепке алу мүмкін емес, тауар көрсетілген ерекшеліктерге сәйкес болуы керек.

Көрсетілген жағдайларда сот жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы қорытындыға келді.

№2 талап бойынша

ҚР АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7-тармағы 7.3-тармақшасы бойынша тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс.

Талап қоюшының есебі бойынша тұрақсыздық айыбы 5 558,95 теңгені құрайды.

Алайда, бұл есепті сот дұрыс жасалған емес деп санайды.

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 03.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.12.2025, судья Тюлембекова А. С., 05.12.2025

Шарт бойынша тауар 15 күнтізбелік күн ішінде жеткізілу керек. Оны жеткізу соңғы күні 2025 жылдың 16 маусымы.

Тұрақсыздық айыбын 2025 жылдың 17 маусымнан санау керек. Дұрыс есептегенде 2025 жылдың 17 маусымнан 1 шілде аралығындағы мерзімге 15 күн кешіктірілгені үшін тұрақсыздық айыбы 4 905 теңгегі (326 997 х 0,1% х 15=4 905) құрайды.

Жауапкер міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға негіздер бар.

Талап қоюшының пайдасына жауапкерден 4 905 теңге өндіруге жатады. 654 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою қанағаттандырудан бас тартылсын.

Жауапкердің пікірінде көрсетілген уәждері ескеруге мүмкін емес және талапты қанағаттандырудан бас тартуға негіз бола алмайды.

Жауапкердің басқа уәждері сотпен тексерілді және дәлелді емес.

Белгіленген мән-жайларды ескере отырып, талап қою ішінара қанағаттындыруға жатады.

АПК-нің 109-бабы бойынша жауапкерден талап қоюшының пайдасына 147 теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

АПК-нің 117-бабы бойынша жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар облыстық онкологиялық диспансер» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының Талғат Амантайұлы Төлеутаев «Елтай» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Талғат Амантайұлы Төлеутаев «Елтай» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Талғат Амантайұлы Төлеутаев «Елтай» жеке кәсіпкерден Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар облыстық онкологиялық диспансер» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 4 905 (төрт мың тоғыз жүз бес) теңге тұрақсыздық айыбы және 147 (жүз қырық жеті) теңге мемлекеттік баж төлеу сомасы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 03.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.12.2025, судья Тюлембекова А. С., 05.12.2025

Талғат Амантайұлы Төлеутаев «Елтай» жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар облыстық онкологиялық диспансер» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының Талғат Амантайұлы Төлеутаев «Елтай» жеке кәсіпкерге 654 (алты жүз елу төрт) теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге түпкілікті формада шығарылған күнінен бастап бір ай ішінде Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық наразылық білдіре алады.

Судья Ә.Тюлембекова

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 03.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.12.2025, судья Тюлембекова А. С., 05.12.2025

5501-25-3-6/119